

Анықтама

13.01.2025ж.Т.Жүргенов атындағы 70мектеп-лицейі Біртұтас тәрбие бағыты бойынша қаңтар айы тақырыбы: «Заң және тәртіп айы» болып бекітілген.Жоспарға сай бүгін1-11 сынып пралығында бірыңғай сынып сағаты ұйымдастырылды.Талап бар жерде тәртіп бар дегендей,»Қазақстанның болашағы білімді ұрпақ қолында» тақырып,Адал еңбек,адал дос, Адалдық пен әділдікке,бет бұрып,жемқорлыққа жол жоқ деген ұранмен Талап,тәртіп,татулық,тыныштық»,және сыбайлас жемқорлық туралы,»Жемқорлыққа жол жоқ»атты арнайы сынып сағаттары видеоролик көрсетіп,оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Ойшыл ғұлама Әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес,тәрбие беру керек».Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы деп айтқандай заң бар жерде тәртіп болу керек.

<https://www.instagram.com/p/DEz4NXvudst/?igsh=ZXFzd3V0YmoxZnA=>



**Астана қаласы әкімдігінің «Темірбек Жүргенов атындағы
№70 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК педагог қызметкерлермен “Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы сананы қылыптастыру жұмыстары” тақырыбында
өткізілген жиналыстың
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

«23» мамыр 2025 жыл

Өткізілген орны: №70 мектеп-лицей мәжіліс залы

Өткізілу түрі: жиналыс түрінде таныстыру, педкеңес

Қатысқандар: 130

1. Мектеп әкімшілігі;
2. Мектеп ұжымы.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қылыптастыру жұмыстары

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Байменова Гүлжамал Пердебайқызы сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қылыптастыру қағидасымен жұмыстарын барлық ұжымдағы адамдарға таныстырды. Келесі болып директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Г.А.Мукатова баяндама жасады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қылыптастыру – бұл қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік көзқарасты, заңға құрмет пен адалдық мәдениетін тәрбиелеуге бағытталған кешенді жұмыстар жиынтығы. Бұл бағыттағы шаралар педагог қызметкерлерден бастап, мектеп оқушылары мен жастарға дейін әр түрлі мақсатты топтарға бағытталуы тиіс. Негізгі мақсат — сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қоғамның әрбір мүшесін бұл мәселеге жауапкершілікпен қарауға ынталандыру.

Осы бағытта білім беру мекемесінде жүзеге асырылатын жұмыстар:

- Педагогтер мен оқушылар арасында тұрақты түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы дәрістер мен тренингтер өткізу. Бұл шаралар адалдық пен әділдік қағидаларын қылыптастыруға көмектеседі.
- Ашық пікірталастар мен қоғамдық тыңдаулар ұйымдастыру арқылы ұжым мүшелерінің ұсыныстарын жинау.
- Білім беру ұйымының белсенді азаматтық топтармен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалыстарға қатысуын қамтамасыз ету.
- Педагог қызметкерлерді арнайы курстар мен тренингтер арқылы оқыту. Бұл курстарда құқықтық мәдениет, заң бұзушылықтар үшін жауапкершілік, және тиімді алдын алу тәсілдері түсіндіріледі.

- Құқық қорғау және мемлекеттік бақылау органдарының жұмысын қолдау, ашықтықты арттыру.
- Әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы халық арасында сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы ақпараттық хабарламалар тарату.
- Азаматтық бақылауды күшейту мақсатында тәуелсіз мониторинг жүйелерін дамыту.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана – бұл жүйелі әрі ұзақ мерзімді процесс. Ол мемлекеттің және қоғамның бірлескен іс-әрекетін талап етеді. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Байменова жарыссөзге шығып, сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша өз пікірін білдірді. Ол бұл бағытта атқарылуы тиіс негізгі шараларға тоқтала келе: БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы халықты ақпараттандыру; Азаматтық қоғамның бақылау жұмыстарын белсендіру; Еріктілер мен ұжым мүшелерінің белсенділігін арттыру; Адал қызметімен көзге түскен тұлғаларды марапаттау – сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайтудың бір жолы екенін атап өтті. Оның айтуынша, әрбір адам сыбайлас жемқорлықтың зиянын түсініп, оған қарсы тұруға дайын болған жағдайда ғана бұл мәселені тиімді шешуге болады.

Жиын қатысушылары күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе келесі шешімді қабылдады:

ШЕШІМ:

1. Білім беру мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілсін;

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстарын жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы мен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы басшылыққа алынсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:



Г.П. Байменова

Ж. Тазабекова